

жаратылыстану ғылымдары мұражайының мамандары бас сүйегіне жалпы антропологиялық талдау жасап, халық қаһарманының бейнесін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. 2017 жылғы 15 қыркүйекте Амангелді ауданында Кейкі батырдың кесенесі салтанатты түрде ашылып, онда қазақтың ұлы жауынгерінің сүйегі жерленген. Кесененің биіктігі -10 метр, күмбездің жоғарғы жағы жарты ай сыммен безендірілген. Ішінде құлпытас, батырдың портреттері мен үш тілдегі мәтіндері бар екі мемориалдық тақта орнатылған. Есіктерге құран аяттары салынған. Салтанатты іс-шаралар Кейкі батырдың екі кесенесі арасында өтті: бұрын ұрпақтар салған жаңа және кішкентай ескі. Бір қызығы, олар бір-бірінен алыс емес. Жақын жерде жарыстар, күрес жарыстары өтті, адамдар ән айтып, би биледі. Бұл шынымен халықтық мерекелер болды. Әрине, адамдар кесенеге кіріп, ұлы батырды еске алу үшін басын иді. Тарих шартты райға шыдамайды. Кейкі-батыр оның халқы тәуелсіз болуын армандады. Ол жеңілгендей көрінді. Бірақ уақыт бәрін өз орнына қойды. Бір ғасырға жуық уақыт өткен соң қазақстандықтар тарихи әділеттілікке және өз батырына құрмет көрсетті[8].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://zhasalash.kz/news/qazaqtardyn-resej-imperiyasy-men-kenes-zamanynda-qysym-korui-18528/>
2. Мұхитдин Салқынбаев // АҚИҚАТ: ұлттық қоғамдық-саяси журнал, 2009ж.
3. <https://e-history.kz/kz/news/show/349>
4. <https://el.kz/keiki-batir-tarihi-tulganin-omirine-sholu-26466/>
5. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8940>
6. <https://qamshy.kz/article/13581-qolmergen-keyki-batyr-turaly-ne-bilemiz>
7. <https://ortalyq.kz/kejki-batyr/>
8. <https://library-rudny.kz/lketanu/kejki-batyrdy-kesenesi/>

ЖОШЫ ХАН:ҰЛЫ ДАЛА ИМПЕРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сейтхали А.М.

Ғылыми жетекші:PhD Есен С.Ғ
Астана Халықаралық Университеті
@seithalikaiken07@icloud.com
Астана қ

Жошы хан- тарихта ұлы қолбасшы әрі саясаткер ретінде танылған Шыңғыс ханның ұлы.ХІІ ғасырдың басында Шыңғыс хан құрған ұлы империяның кеңейуінде Жошының елеулі рөлі бар екенін айта кеткен жөн.Жошы әкесі бастаған жорықтарға қатысып,Шыңғыс хан ұрпақтарының арасында ең алғаш болып Дешті Қыпшақ даласын билеуге қол жеткізген.Жошы ханның саяси ұстанымдары мен оның көшпелі мәдениеті оны Ұлы Даладағы ең көрнекті тұлғалардың біріне айналдырды.Оның мұрасы мен өмірі Қазақ хандығының қалыптасуына тікелей ықпал етті,ал ол құрған Жошы ұлысы Алтын Орданың іргетасыболып саналады.Бұл мақалада Жошы ханның көк күмбезді кесенесі қарастырылады.

Тамырлы тарихымыздың бедерлі кезеңін қамтитын Ұлық ұлыс Қазақ хандығының бастауы саналады.Оның бай тарихы қазақ даласымен және халқымыздың негізін құраған ру- тайпалармен тығыз байланысты.Алайда көбі,әсіресе шетелдіктер Жошы ханның мазары Орталық Қазақстандағы Ұлытауда жатқанын біле бермейді.Бұл ескерткіш Шыңғыс хан мен оның әулетінен жанр бетінде қалған жалғыз жәдігер.Оған 2017 жылы Ұлытауға жасаған халықаралық экспедициясы барысында көзіміз жетті.Шыңғыс әулеті тұрмақ кешегі Қазақ хандығының негізін қалаған тұғырлы тұлғалардан көзге түсерлік,жадыны жаңғытарлық естелік белгі тым аз.Сарыарқаның сайын даласының төрінде сан ғасырдан бері көненің көзіне,алтын аңыздың сөзіне айналған бұл ескерткіштің қазақ даласының Алтын Орда мирасқоры екенін әйгілеп тұрғаны анық![1,4]

Жошы қайтқаннан кейін Ұлы далада,Ұлытау өңірінде әлем кесенесі бой көтерді.Қаракеңгір өзенінің жағасында орналасқан Жошы хан кесенесі порталды-күмбезді құрылыс түріне жатады.Күмбезі көгілдір түсті глазуурмен жабылған,күйдірілген кірпіштермен жабылған.Ж.Смаиловтың жетекшілігімен Жошы хан мазарына жүргізілген қазба жұмыстары барысында шикі кірпіштен салынған қоныстардың орны анықталған.[1,9-10]

Ұлытау өңіріндегі бұл кесенелер жайлы бірінші деректер ХVІ ғасырдағы Хафиз Таныштың “Шараф-наме-и-шахий” атты еңбегінде кездеседі.Осы еңбекте 1552 жылдың көктемінде Бұхара билеушісі Абдаллахтың Ұлытауға жасаған жорығында осы Жошы хан кесенесі маңындағы сарайға тоқтағаны туралы жазылған.[1,10]

Жошы хан кесенесі туралы академик Қаныш Сәтбаев “Доисторическое памятники в Джекказганском районе” атты зерттеу мақаласында:”Басқағыл тауының оң жағында,Кеңгір өзенінің жағасында күйдірілген кірпіштен соғылған,күмбезді,төртбұрышты көне үш кесене сақталған.Кесенедегі кірпіштің пішіні мен көлемі ‘алтынордалық стильге’ жақын.Халық арасындағы аңызға сүйенсек,бұл кесенелер Алаша хан,Жошы хан және дәулескер күйші Домбауылға тиесілі екен” деп жазады.[1,10]

Одан кейін 1946 жылы академик Әлкей Марғұлан Жошы хан кесенесіне алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Кесененің ішіне қазба жұмыстарын жүргізгенде екі қабір анықталған. Бірінші қабірден темір шегелермен бекітілген ағаш табыттың қалдықтары мен сүйектері табылған. Сүйектерді жинастырғанда бір қолдың сүйектері жетіспеген. Аңызға сүйенсек Жошы ханның бір қолы болмаған дегенге келеді. Әлкей Марғұлан қабірден табылған археологиялық артефактілерді, аңыз-әңгімелер мен жазба деректердегі мәліметтерді салыстыра келе, бұл кесенедегі қабірлер Жошы хан мен оның әйелдерінің біріне тиесілі деген шешімге келді. Әлкей Марғұлан кесенені 1228 жылы, марқұмның жылдығына дейін тұрғызылуан дейді. [1,10]


Археолог Ж.Смаилов кесененің салыну мерзімі туралы «Өзбек хан тұсында Алтын Ордада ислам діні гүлденіп, мемлекеттің ресми дініне айналды. Осы уақытта Жошы әулеті ата-бабаларына арнап кесене тұрғызса бастады, солардың біріншісі Жошыға арналса керек. Кейіннен мұнда Жошы ұрпақтарының бірі жерленген болуы мүмкін» деген пікірді алға тартады. [1,10]

Жалпы, ортағасырлардан (XII ғасырдан) бастап шығыс елдерінде әсіресе парсы қолжазба кітаптарында көркемдік сурет сызу өнері яғни миниатюралар сызу өнері қарқынды дами бастады. Сөйтіп, Елхандық, Жалайырлық, Темірлік, Түркмендік «миниатюра мектептері» де әртүрлі өңірлерде Тебриз, Бағдат, Шираз, Исфахан және басқа қалаларында қалыптасқан болатын. Осындай миниатюраларға бай кітаптардың қатарына Рашид-ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» Фирдоусидің «Шахнаме» сынды көптеген туындылары жатады. Осы орайда Шыңғыс қаған әсіресе Ұлық ұлыс Жошы хан жәе оның әулетінің билік иелері мен қатұндардың бейнелерін сызған миниатюралар Рашид-ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» шығармасында молынан кездеседі. Бұл ретте Рашид ад-дин «Жамиғ ат-тауарих» туындысына деп саналатын «Baysungur albumu» аталатын қолжазба кітабындағы парчы миниатюраларындағы Ұлық ұлыс хандысының миниатюраларынан үлкейтілген сызба өлшемінде беріп отыр. Түпнұсқасы Түркия, Стамбұл қаласы, Топқапы сарай музейі архивінде сақтаулы [1,166-167]

Жошы хан кесенесі Жезқазған қаласынан 45 км жерде Кеңгір өзенінің сол жағалауындағы кең алқапта орналасқан. Бұл жерлер ерте замандардан аңшы-саятшылардың өзіне тартатын бай фаунасымен әйгілі. Осы биіктеу жерден орта ғасырларда Алтын Орда билеушілері таңдаған Кеңгір аңғарына ғажапп көрініс




Жошы хан миниатюрасы.
Орта түрк тіліндегі ұйғыр жазулы мәтін:
«Joсі қаn-Жочы хан».




«bu BATU Joсі ođl-u – бұ Батұ, Жошы ұлы»
(Топқапы сарай музейі, № 2152, 43а)

ашылады. Олар бұл жерлерде өздерінің орда-бекіністерін салып, құтты қонысқа айналдырғандығы осынлағы күйлірілген кірпіштен жасалған көптеген тамаша ескерткіштердің қалдықтары куәландырады. Алтын Орда дәуірінен қалған ғажапп архитектуралық ескерткіштің бірі-Жошы хан кесенесі [2,35-36]. Біз әйгілі археолог Әлкей Марғұланның қазақтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі маңызды кезеңдері осы Жошы хан күмбесін зерттеуде анық байқалды деп білеміз. Әлкей Марғұланның ғылыми еңбектері Жошы хан кесенесінің тарихи, архитектуралық және мәдени құндылығын анықтауда шешуші рөл атқарды.

Жошы хан кесенесінің тұрғызылуы тіралы нақты жазба деректер жоқ. Алғаш рет 1552 жылдың көктемінде Бұхара билеушісі Абдаллахтың Ұлытауға жасаған жорығындағы жазбасында: «6-шы айдың



Жошы хана күмбезі



Жошы хан күмбезі. Архитектуралық сызбалар

сенбісінде Жошы хан мазарының алдындағы Сарай маңына (навахи) тоқтады» деп жазылған [1,210.]. Ескерткіш туралы кейбір мәліметтер XIX ғасырдағы Ресей ввторларының еңбектерінде келтірілген. Мәселен, Ю.Шмидтің еңбегінде: «Қызылжардан оңтүстікке қарай 3 шақырым жерде Алаша хан ескерткішіне ұқсас тағы бәр ескерткіш бар, бұл көгілдір сырлы шар тәрізді күмбезі бар, қызыл кірпішті ескерткіш Жошы хан кесенесі» - деп, жазды [1,211]. Автордың Жошы хан кесенесі күмбезінің пішіні мен түсіне қатысты және Алаша хан кесенесімен жалпы ұқсастығы туралы мәліметтері толық болмаса да, жоғарыдағы ақпарат біз үшін өте маңызды.

Жошы хан кесенесін ғылыми ортаға таныстырып, алған зерттеген ғалым, академик Қаныш Сәтпаев болды. Ең қызығы, ол осы өңірдегі ескерткіштер туралы зерттеуінше Жошы хан кесенесін Алтын Ордп кезеңімен, ал Алаша хан кесенесін Хақназар ханмен байланыстырған болатын. 1946 жылы Ә.Х. Марғұлан бастаған Орталық Қазақстпн экспедициясы археологиялық зерттеулер жүргізген. Аталған экспедицияның мүшесі археолог Г.И. Пацевия кесене ішіндегі жерлеу орындары мен басқа да қираған кесенелердегі бірнеше жерлеу орындарына қазба жұмыстарын жүргізді. Жошы хан кесенесінің ішіндегі жерлеу орнын қазу барысында темір шегелері бар ағаш табыттың қалдықтары мен бір қолы жоқ ер адамның сүйегі табылды. Екінші қабірден әйел адамның сүйегі анықталды. Екі қабір де археологиялық қазба жұмыстарынан бұрын тонаушылар кесірінен бүлініп, нәтижесінде адам сүйектері мен археологиялық артефактілер бастапқы қалпынан бастап біршама ауытқыған. Ә.Марғұлан қабірден табылған археологиялық артефактілерді, аңыз-әңгімелер мен жазба деректерді салыстыра келе, бұл кесенедегі қабірлердің бірі Жошы ханға, екіншісі оның әйелдерінің біріне тиесілі деген шешімге келді. Ол кесенені 1228 жылы, марқұмның жылдығына дейін тұрғызылған деп болжады.

Қорытындылай келе, біз бұл мақалада орта ғасырдағы Жошы хан кесенесінің (Қарағанды облысы) тарихын зерделеулің қысқаша мазмұндамасы беріледі және автоо осы ескерткішке ертеде жөндеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстарының материалдық айғақтарының табылғандығы турады хабарлайды. Шынайы

зерттеудің негізінде қорытынды жасасақ,бізге Жошы хан кесенесінің құрылыс тарихы әр уақыооағы екі кезеңді камтиды екені белгілі,сол екі аралықта ол бірнеше рет жөндеуде өткен,оның архттектуралық кескінінің жарқын ерекшеліктерін құрайтын кесененің сыртқы күмбезі мен 17 қырлы жұлдызды барабаны кесененің салыні барысындағы алғашқы сәулетшілік құрылысы болып табылмайды,ал 2-ші құрылыс кезеңінің қайта қалпына келтіру нәтижесі Ақсақ Темір дәуіріне сәйкес келеді деп болжанады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Д.Қыдырәлі Жошы хан. - Халықаралық Түркі Академиясы,2020.
2. Ә.Х.МарғұланЖошы хан кесенесі баяндамасы
3. Ә.Х.Марғұлан Казахское народные прикладное искусство,көптомдық монографиясы

БІЗ НЕТКЕН ЕР.МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ИСАТАЙ БАТЫР БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Сақташ А.Қ.

Ғылыми жетекшісі:п.ғ.м.,Кидралиева А.Б.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
kidralieva_a.b@mail.ru
Қарағанды қ.

Қазақ ақыны әрі батыр Махамбет – қазақ халқының антиколониалдық және халықтық азаттық көтерілісшілерінің бірі. Ол 1804 жылы Бөкей Ордасының ауданында үлкен отбасында дүниеге келген. Оны анасы Қосуан тәрбиелеген. Оның атасы Құлмали мен әкесі Өтеміс феодалдық дворянмен «суық» қарым-қатынаста болған. М.Өтемісовтің жастық шағы батыс Қазақстанда шаруа толқулары жиі басталған кезеңде өтті. Ерте жастан ауызша поэтикалық шығармашылықпен айналыса бастады, оның импровизацияға деген таланты өз жанкүйерлерін тапқан. 16 жасында Махамбет Беріш руының үздік ақыны деп танылды. Ол тәжірибелі ақындарды тапқырлығымен жеңіп, отбасының зор мақтанышына айналды. Махамбет ең алдымен, өзінің даналығымен және адамгершілік қасиеттерімен халықтың құрметіне бөленді, бұл қасиеттер оның шығармаларынан да көруге болады. Оның өлеңдерінде ол негізінен қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық аспектілеріне, қарапайым адамдарда кездесетін процестерге, әділеттілік пен алдауға, мейірімділік пен зұлымдыққа назар аударды.

Ақсақалдар мен батырларөз үйінің есігін Махамбет үшін қуана ашты. Беріш руының құрметті билерінің бірі Исатай оны досы және бауыры ретінде қабылдаған. Махамбеттің атағы бүкіл кіші жүздің ауылдарынан асып, Еділ ноғайлары,Қаратау шектілері, қыпшақтар меннаймандар білген. Махамбет алғашқы білімін медреседе алған. Ол 1824 жылы Орынбордағы ілімдерін жалғастырып, сол жылы оны әйгілі ақын ретіндеІшкі Орданың ханы Жәңгір өзінің ұлы Зұлқарнайынға тәлімгер етіп тағайындайды. Онда Махамбет орыс тілі мен орыс тілісауаттылығын үйренеді. Сонымен қатар, ол діннен хабары мол діндар адам болған. Шамамен бес жыл бойы ол хан мұрагерінің мұғалімі болды, сосын Махамбет пен Жәңгір хан арасында қақтығыс орын алды. Ол татар және орыс тілдерін еркін меңгерген. Ол Хиуада, Орынбор қаласында тұрған. М.Өтемісұлы орыс жазушысы мен этнографы В.И. Дальмен таныс болған, ол Орынбор губернаторында арнайы тапсырмалар бойынша лауазымды қызмет атқарған. М.Өтемісұлы Ішкі Орда мен Орынборда қызмет еткен саяхатшы ғалым Г.С. Карелинмен жақын қатынаста болған[1, 235 б.].

Хан Жәңгірдің Махамбетті өз тараптарына тарту әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды. Махамбет пен Хан Жәңгірдіңортасы бір болса да, таптық құрылымның әділетсіздігі бүлікшіл ақынға ұнамады. 1829 жылдың күзінде далада басталған көтеріліске белсене қатысқан Махамбет Калмыковский бекінісінде түрмеге қамалып, онда екі жыл болды: ол 1831 жылы ғана қашып құтылады.Жәңгір хан оны император сарайына бару үшін өзінің жолсерігі ретінде Петербургке апаруды көздеген. Хан жағы Махамбетті өзіне тарту үшін оның кандидатурасын ру ақсақалдарына ұсынады. 1834 жылы старшина болып Махамбет Өтемісұлы тағайындалды.

Махамбет Исатай Тайманұлымен бірге Ресей үкіметінің әскерлері мен Жәңгір хан әскерлеріне қарсы соғысқан көтерілісшілер отрядтарын басқарды. Исатай Тайманұлы қайтыс болған Ақбұлақ өзені маңындағы шайқаста көтерілісшілер жеңілгеннен кейін, оңтүстікке қашып, бірнеше жыл сол жерде жасырынады.

Ол 1846 жылы 20 қазанда қазіргі Атырау облысы аумағында қаза тапты – жаудары жалдаған қастандық жасаушылары қолынан қаза тапты [2, 112 б.].

Махамбет творчествосының идеялық бағытын негізінен айқындаған нақты тарихи оқиға – Исатай Тайманұлы пен Махамбет Өтемісұлының өзі басқарған 1836-1838 жылдардағы Батыс Қазақстандағы шаруалар көтерілісі екенін айта кеткен жөн. Махамбет сол кездегі қазақ поэзиясында қазақ шаруа бұқарасының феодалдық езгіге қаһарынан туындаған ерекше өткірлікке жеткен бүлікшіл рухты асқан көркемдік қуатпен бейнелеген. Махамбет қазақ лирикалық поэзиясына мүлде жаңа мазмұн енгізді – ол жауызгерлерге қарсы